

**ТӨЛДЕГЕННЕН КЕЙІН
СИЫРЛАРДЫ
ҰРЫҚТАНДЫРУ**



СИЫРЛАРДЫ БУАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ТӨЛДЕУДЕН KEЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРДЕ КҮТІП-БАҒУ

Буаздық пен төлдеудің диагностикасы.

Көктемгі төлдеуден алынған бұзауларды күз мезгілінде жеті-он айлық жас шамасына жеткенде енесінен ажыратады. Осы уақытқа дейін сиырлар мен табын толықтырушы тұмсалар буаздық кезеңінің екінші немесе бесінші айында болады. Қыс мезгілінде ұрықтанбай қалған буаз емес тұмсалар мен сиырларды азықтандыру буаз малдарды азықтандырумен бірдей. Алғашқылары қысқы азықтандыруға кеткен шығынды өтемейтіндіктен, оларды табыннан аластатып, бракқа шығару керек. Буаздыққа тексеру жұмыстарын бұзауларды енесінен ажырату кезінде жүзеге асыру керек, тиісінше, осы кезден-ақ ұрықтанбай қалған буаз емес сиырларды бракқа шығарған жөн.

Буаздыққа балауды ұрықтандырудан кейін 35 күн өткенде жасауға болады. Алайда, 50 күннен аз уақытта сипалау кезінде ұрықтың тіршілігін тоқтату қаупі туындауы мүмкін. Буаздықты балауға асығудың экономикалық негізделген себептері болмаса, онда буаз емес малдарды бракқа шығарып, буаз тұмсаларды іріктеу мақсатында сипалап тексерудің ең қолайлы уақыты төлдерді енесінен ажырату кезі болып табылады.

Ұрықтанбай қалған буаз емес сиырларға әрқашан қатаң шара қолдану қажет: оларды ұрықтанған тұмсалармен орнын басып, бракқа шығару керек. Төлдегіштігі бойынша қажетті деңгейде бракқа шығару жұмыстары жүргізілмесе, болашақ ұрпақ бойынша табынның өнімділігі төмендейді.

Төлдеу алдында сиырларды азықтандыру.

Буаздық кезеңінің екінші жартысында, әсіресе төлдеуге екі ай қалғанда сиыр төлінің салмағы екі есеге артады. Осы кезеңде іштегі төлдің енесінің ағзасына түсіретін жүктемесі жоғары болады. Егер рационда қажетті мөлшерде энергия болмаса, онда энергия тапшылығын сиырдың денесіндегі қорымен толықтырып, мал қондылығын жоғалтады. Өкінішке орай, төлдеу уақыты көктемге жоспарланған табындарда бұл кезең азық түсімінің ең аз кезеңімен пара-пар келеді. Сол себепті, буаздық кезеңінің соңғы 60-90 күндерінде азықтандыру маңызды орын алады.


Кроссбредтік сиырлар мен тұмсаларды төлдеуге дейін 60-90 күн аралығында энергия дәрежесі жоғары және төмен рациондармен азықтандырғанда, энергияға қаныққан рациондар үздік нәтиже берді. Рацион құрамында энергияға қанығу дәрежесі төмен азықпен азықтандырылған малдардың төлдегеннен кейін бузауларының тірі салмағын басқа топтармен салыстырғанда едәуір айырмашылық байқалмады, қиын төлдеу саны азырақ, алайда төлдеуден алғашқы күйлеуге дейінгі аралығы ұзарып, кейбір малдар шағылыстыру маусымына дейін күйлеп, ұрықтандыру төмен болды.

Кесте 1.3 Лактация кезеңінде бұзауларын қысқа мерзімді енелерінен айырған және айырмаған сиырлардың ұрықтануы

Жануарлар тобы	Сиыр саны	Күйітке келген, %		Буаз, %		Циклден-беген %
		4-ші күн	21-ші күн	4-ші күн	21-ші күн	
Бақылау	52	12	31	8	17	69
48 сағатқа бұзауды айыру	52	19	62	18	44	40

Бұзаулаудан кейінгі овариалды функцияға ықпал ету үшін ему интенсивтілігін төмендетудің ең сенімді бағдарламасы бұл күйлеу маусымының басында 48 сағатқа бұзауларды сиырлардан айыру. (кесте 1.3) Тәжірибиеде 48 сағатқа бұзауларды уақытша айыру алғашқы ұрықтандыру маусымында енелерінен айыру кезінде тірілей салмағы төмен болмайтындай көп сиырларды ұрықтандыруға мүмкіндік береді, бірақ бұл әрекет ауыспалы. Джорджия штатындағы университет ғалымдары сиырлардың қондылығы көтерем деп бағаланған табындарда бұзауларды айыру тиімдірек екенін мәлімдеді. Шағылыстыру кезеңі уақытында бұзауларды аз уақытқа айырудың неше түрлі реакциясына ықпал ететін факторлардың бірі болып көрінеді.

Аралық буаздықтың жылдық интервалын сақтау күйлеу кезеңінде жылдам буаз болуы үшін, төлдеу маусымында ерте бұзаулау үшін маңызды. Төлдеу маусымында ерте туылған бұзаулар әдетті енелерінен айырған кезде ең жоғары тірілей салмаққа ие болады (сур. 1.3).



Сурет 1.3 Төлдеу маусымы кезінде әртүрлі уақытта туылған бұзаулардың енесінен айыру кезінде тірілей салмағы

Небраска штатындағы Форт Робинсон тәжірибилік станциясында төлдеу маусымы соңындағы 20 күнде туылған төлдердің тірілей салмағы маусым басындағы алғашқы 20 күнде туылған бұзаулармен салыстырғанда енесінен айыру кезінде салмағы 17,7 кг кем болғанын көрсетеді. Заманауи бағаға қорыта есептеу кезінде әр кеш туылған бұзаудан кіріс науқан басында туылған бұзаулармен салыстырғанда орташа алғанда пайда кем алынады.